



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ӘОЖ 81'255.2

АБАЙДЫҢ ҚЫРЫҚ ҮШІНШІ, ҚЫРЫҚ ТӨРТІНШІ, ҚЫРЫҚ БЕСІНШІ СӨЗДЕРІНІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ

Абдразақ Аян

a.abdirazak@icloud.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының
студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – филология ғылымдарының докторы

Г.А Мұратова

Абайдың қара сөздерінің басым көпшілігі имандылық, дін қағидаларын басшылыққа ала отырып жазылған. Иә, расында да, қара сөздерінің көпшілігінде сол замандағы қазақ қоғамындағы ислам дінінің рөлі немесе жалпы қазақ қоғамы туралы сөз қозғалған болса, қырық үшінші сөзінде адам ұғылы жайлы қалам тартқан. Бұл сөзінде жибили, арзу, хасил, ұғыл, ғафил, зинһар т.б терминдерін пайдалана отырып адамның өнерге, білімге т.б адам бойында кездесетін қасиетері жайлы әңгіме өрбітеді. Абайдың қай қара сөзін алмасаң да имандылықтың лебі есіп тұрады бірақ мұндағы орыс тіліндегі тұрақты тіркестердің кездесуі оны одан әрі әсерлі, түсініктірек етеді.

Аударма дегеніміз- берілген мәтінді басқа тілде сөйлету болса, мағынасы терең Абай атамның Қара сөздерінің қалай аударылғандығын талдап көрейік. Аударматануда тәржімалаудың бұл түрін «көркем аударма» деп қарастырады, ал оның қызметі оқырманға көркем-эстетикалық әсер беру. [2]

Мұндағы негізгі ой “жилиби, кәсиби” сөздерінің аясында өрбитін болады. Ішсем, жесем демектің басы – жибили, аз ба, көп пе, көрсем екен деген арзу, бұлардың басы – кәсиби. Мәтіннің негізгі сөздері болып табылатын арзу-desire, хафил-fret and vexed, талап-aspiration, мақтаншақ-conceit, пайдакүнемдік-cupidity, жеңілдік-frivolity осындай ағылшын баламаларымен кездеседі. Бұл сөздердің күллі адам атаулының бойында кездеседі, бірі білім ғылымға қатысты, әрдайым ұштап отыруды қажет ететін, ал екінші біреулері кертартпалық, қарама қайшы сөздер. Қазақ тіліндегі қуат сөзінің әр жерде әр түрлі баламалармен беріп, әрқайсысын орынды қолдануы аудармашының шеберлігін танытады.

Man is endowed by nature with a body and soul. One should know which of their properties are innate and which are acquired by toil.

Жалпы мәтіннің мағыналық негізі болып тұрған жибили, кәсиби сөздеріне берілген анықтама толықтай мағыналарын ашпағандықтан түпнұсқадағы әсерді жеткізе алмайды.

Other people argue: “*Well, a good mind comes with time, but nature endows us with aspiration. Who he is endowed with aptitudes acquires good mind as well.*” [1]

Ағылшынша нұсқада динамикалық аударманың аясы өте кең қолданылған. Аударманы ағылшын тілінде оқыған адам басқаша ұғары анық. Дәлірек айтсақ: адамға сана өсе келе бітеді, деп берілген. Мәселе қайтадан мәтіннің түпкі ойын ашатын сөздің мағынасын туындап отыр.

Осы тұста, “*Even a craftsman’s skills improves from day to day if he works with enthusiasm.*” [3] Жан қуатымен адам хасил қылған өнерлері де күнде тексерсең, күнде асады, деген жолды ағылшын аудиториясына түсініктірек етемін деп, сол жақтың мәдениетіне

таянып отыр. «Аудармадағы *craftsman- қолөнерші*» сөзі түпнұсқада айтылмаған. Соған қарағанда өнер деген сөзден шығып отыр

“Ненің қызығын көп іздесең, соның күйігін бір тартасың” - бұл жолдар ағылшын тілінде былай бейнеленді: “*In what we seek too persistently we find evil*”.[4] Бұл жерде астарлы мағыналы тіркесті дәлме-дәл аударма тұрғысынан бір қарағанда дұрыс болып көрінуі мүмкін. Бірақ бұл жерде аудармашының қазақ тілінің лексикалық, логикалық құрылымынан алшақтығын байқатады.

Аудармашының “*Бір басы қатты ат, жүгенсіз тауға ұра ма, тасқа, жарға ұра ма - құдай білсін*” деген сәтті ағылшын тілінде “*swift Arab horse*” деп сөйлетуі назар аударарлық жайт. Түпнұсқадағы сөйлем көлемінде берілген ақпаратты аудармашы екі сөзбен жеткізіп отыр. Бұл аудармашының тапқырлық танытып отырғанын байқаймыз. [2]

Байғанымыздай Абайдың қырық үшінші қара сөзінде айтарлықтай қателер бар. Ауытқушылықтардың басты себебі аударманың тура қазақ тілінен тікелей аударылмағандығы. Аудармашының қарапайым шарттарының кей жерлерде сақталмағаны анық көрінеді. Аудармашы аударатын тіл мен түпнұсқа тілін былай қойғанда мәдениеті мен тарихынан хабардар болуы тиіс.

Қырық төртінші сөзінде Абай өз заманындағы қазақ қоғамындағы кемшіл тұстардың бірі “іс қылу, бәрекелдік” яғни қулық, сұм, пайдакүнемдік жайында сөз қылады. Абай бұл сөзінде атап айтатын жайттардың бірі тірлік қылып іс жүргізу жайында жазады. Халық тірлік қылса пайда көру үшін немесе дүниенің соңында адами қасиеттерге жатпайтын іс қылады деп баяндайды.

Сондай-ақ бұл Қара сөзде айтарлықтай мағына үстеп тұрған араб, орыс немесе парсы сөздері аз. Ләкин сөзі арабшадан “алайда, бірақ” деп аударылады. Ғибадат яғни дұға қылу, сиыну.

Негізгі сөздер: бәрекелді, талап, сұм, пайда, ақыл.

“*He who is well-off has a beaming face*” мұндағы абайдың айтпағы: “Малдының беті жарық” ал біз мұнда дәлме-дәл аударманың орын алғанын көреміз. Олай аудару негізгі мағынадан жаңылысуға алып келетініне белгілі. Беті жарық дегенді жылтыр бет немесе ақсүйек адам, ақсаусақ мағынасында қабылдану қалу қаупі бар. Ал бұл жерде “*rich people bright life*” деп мағынаны аударуға болар еді. “*Everybody aspires to something or other, is eager to read, not books though, but people’s faces*. Бұл жерде аудармашыға сөзбе-сөз аудару әдісін дұрыс деп санайтындығына тағы да көз жеткіземіз. Мәтінде “*face*” сөзі екі-үш рет әр түрлі мағынада қолданылуы оқырманды шатастыруы ғажап емес. Ал олардың мағыналары бір-бірінен алшақтау. Сондықтан бұл жерде “*people’s interests involvements я болмағанда needs*” яғни қазаққа не керек, қандай іс қылсам пайда көремін деген мағынада. Сонда түйгеніміз бойынша Абайдың қара сөздерін аудару үшін дәлме-дәл аударуды жиі қолдану сапалы аударма бермейді. [5]

Мәтінде “*obnoxious vices- жиіркенішті іс*” өте орынды қолданылғандығын айтып өткен жөн.

Абай соңғы қара сөзінде Жаратуша Алла тағала, оған деген махаббат және біздің бойымыздағы махаббат жөнінде сөз қылады. Сөзінің басында әр қашанда жаратушыны тілге тиек етіп, оның барлығына, құдіреттілігіне күмән келтірудің негізсіз дегенді мәлімдегендей. Айналамыздағы тірі құбылыс атаулының арасындағы жақындасулардың Алладан екенін айтады. Негізгі сөздер: махаббат, ғадәләт.

Тиісінше бұл сөзінде араб сөздерінің кездесуі заңдылық, олар: ғадәләт, хикмет, инану. [8]

Жалпы аударма мәтіннің түпкі ойын бере алған өйткені бұл сөзде жалпы адамзатқа қатысты ой жатыр. Бәрімізге Жаратушының жалғыз және құдіретті екендігі бәрімізге аян.

Қорытындылай келе келешекке зор үмітпен қарай отырып бұдан да сапалы Абай туралы, оның философиялық ойларының әлемдік деңгейдегі шетелдік фәлсапашылардың ойларынан кем еместігін дәлелдеу мақсатындағы дүниелер келеді деп сенемін. Сонда көшпелілердің де өзіндік дала философиясының болғанын ғұлама Абайды оқып аудару

арқылы қол жеткіземіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Роллан Бейсенбаев “Book of Words” АБАИ- Алматы; RS; Халықаралық Абай клубы, 2016 1-7
2. Абайдың шығармалары. Жазушы 2005 № 2-8
3. <http://abai.kz/>

ӘОЖ81’255.2

ОСКАР УАЙЛЬДТЫҢ ШЫҒАРМАСЫ «ДОРИАН ГРЕЙДІҢ ПОРТРЕТІ» ШЫҒАРМАСЫНДА ҰЛТТЫҚ ТАНЫМНЫҢ БЕРІЛУІ

Азаматова Акерке

akerke-azamatova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – филология ғылымдарының докторы, профессор Г.Ә.Мұратова

Зерттеу жұмысы Оскар Уайльдтың шығармасы «Дориан Грейдің портреті» шығармасында ұлттық танымның берілу жолдарына арналған. Тілдің байлығын танытатын фразеологизмдердің, көркемдік пен бейнелілікке қызмет ететін эпитет, теңеулердің ағылшын тіліндегі нұсқасына қаншалықты сәйкес келетіндігі, тілдік бейненің толыққанды жеткізілу мәселесіне назар аудартады. Тілдік көркемдегіш құралдардың аударма тіліндегі атқаратын қызметін және тіл байлығын өз дәрежесінде таныта алғандығын сипаттайды.

Қазіргі таңда өркениетті елдердің барлығы дерлік аударма ісімен шұғылдануда белсенділік танытып отыр. Аударманың рухани-мәдени жетістіктерінің әрқашан қоғамда өз ықпалы болған. Әдебиет қазыналарының қазақ тілінде насихатталуының мәдени-танымдық, көркем-эстетикалық, қоғамдық-әлеуметтік рөлі мен қызметінің ілгері дамуы маңызды іс.

XIX ғасырдағы ағылшынның көрнекті жазушысы, декаданс бағытының жарқын өкілі Оскар Уайльд шығармаларының өзіндік эстетизмімен ерекшеленеді. Жазушының эстетикалық және этикалық көзқарастары қайыршылық пен сұлулық культінің араласуынан тұрады. Қаламгер шығармашылығында осы қарама-қайшылықты пікірлерін көрсеткісі келеді. [1] «Дориан Грейдің портреті» романы өз дәуірінде оқырман тарапынан сынға ұшырап, адамгершілікке жат қылықтарды дәріптейді деп баға берілген шығарма. Роман жазушының өмірлік философиясының мәні, шығармаларына арқау болған тақырып «Өнер мен сұлулық» аясында жазылған. Қаламгердің эстетикалық бояуының қанықтығы, бейнелілігінің жоғарылығы аударма тілінде тілдік мәдениетті, ұлттық ерекшелікті ескеру қиындық туғызады.

ӘОЖ 81’255.2

Фразеологизмдердің аударылуы

Фразеологияны зерттеушілердің пікірінше, идиомдардың басқа фразеологиялық бірліктерден айырмашылығы – олардың бір тілдегі бояуы келесі тілге жетпейтіндігі немесе дәлме-дәл аударылмайтындығы. [2]

Бір тілдегі идиомалық тіркесті аударма тіліне бар бояуын сақтай отырып жеткізуге келмейді. Аудармада идиома мағынасын аударма тілінің фразеологизмдерімен немесе сөздік құрамынан түпнұсқаға барынша балама бола алатын бірліктерінен таңдап алуға тура келеді. [2]

1) Only England could have produced him, and he always said that the country was *going to the dogs*. [4]

Тек Англияны ғана мойындайтын, соның өзінде де одан бір ши тауып, елдің *құрдымға*